«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ - 2021» ұлттық конкурсы жеңімпаздарын марапаттау шарасының
ЖҮРГІЗІЛУ ТӘРТІБІ

Өтетін орны: *Облыстық мекемелер үйі, 7-қабаттағы мәжіліс залы*
Өтетін мерзімі: *12.08.2021 жыл, сағат 10.00*

Саламатсыздар ма, құрметті
«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының жеңімпаздары!

Халқымыз үшін **отбасы** ұғымы қашан да **қасиетті де қастерлі** екені белгілі. **"Отан отбасынан басталады"** деген қағидат ешқашан өз мәнін жойған емес.

Расында, кез-келген мемлекеттің негізгі әлеуеті оның халқы және адами капиталы. Биыл еліміз үшін Ұлы құндылық – ел **Тәуелсіздігінің30 жылдығы**. Бұл сан ғасырлар бойы ата-бабаларымыз арман еткен, бостандық пен егемендікке қол жеткізген тарихи сәт. Бұл жетістікке жету жолында еліміздегі әрбір азаматтың, әрбір отбасының үлесі зор. Сондықтан да, мерейлі мереке аясында өткізілетін әрбір шараның негізгі мазмұны осы айтулы датамен байланыстырылуы заңды.

Тұңғыш Президентіміз «**Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»** мақаласында **«Егер жаңғыруелдің ұлттық-руханитамырынан нәр ала алмаса**, **ол адасуға бастайды»** деген болатын. Яғни, өзіннің **тарихи бастауынды** білмей тұрып, игі **салт-дәстүрлерің** мен **әдет-ғұрыптарынды** түсінбей тұрып жаңғырамын деу - бекершілік. Халқымыздың осындай тамыры **терең** кеткен, тарихымен бірге **біте қайнасқан** рухани байлықтарының бірі - **отбасы құндылықтары**. Тіпті, біздің **рухани** құндылықтарымыздың **негізі** де осы **отбасылық дәстүрімізде жатыр** десек қателеспеген болар едік.

"Әке - асқар тау, **ана - мөлдір бұлақ**, **бала - жағасында өскен құрақ"** деген **үштаған** ұлттық тәрбиенің отбасынан басталатынын **айқындап** бергендей.

Мерейлі отбасы - бұл **береке-бірлігі**, **тәлім-тәрбиесіқалыптасқан қағидасы** мен **асыл қасиеттері** арқылы өзгеге **өнеге болар**лықшағын **мемлекет**. Сондықтан, **өнегелі** отбасыларды дәріптеу - парыз.

Осы мақсатта 2013 жылдан бері **қыркүйек айының екінші жексенбісіОтбасы күні** деп аталып өтеді. Ал, 2014 жылы **«Мерейлі отбасы»** ұлттық байқауының тұсауы кесілді.

Мемлекет басшысы **Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың** қолдауымен мемлекет тарапынан отбасына жасалып отырған **ерекше қамқорлық** пен **жүйелі қолдаулар** әрбір қазақстандықтың өз болашағына деген сенімін күн өткен сайын **нығайта** түсуде.

Ана мен баланы қорғауға арналған **мемлекеттік бағдарламалар,** көпбалалы отбасыларға берілетін **жәрдемақылар**көлемі жыл сайын **өсуде.**

Атап айтар болсақ, біздің облысымызда 2020 жылы әлеуметтік көмекке бюджеттен **5,2 млрд.теңге** қаралса, 2021 жылыбұл қаржы**1,67 пайзға өсім алып8,7 млрд.теңгені құрап отыр.**

Осындай қолдаулар мен халықтың жайлы тұрмыс кешуіне бағытталған игілікті шаралардың нәтижәсінде аймағымызда демографилық көрсеткіш және жас отбасылар қатары қарқынды өсуде.

Бүгінде облысхалықының жалпы саны **821932**болса, оның ішінде **141мыңнан** аса отбасы бар. Оның ішінде, ерекше мақтанышпен айтуға тұрарлық көрсеткіш - **47 мыңнан** астам көпбалалы аналардың **2109- батыр аналар.**

«Бір қолымен бесікті, **бір қолымен әлемді тербеткен»** алтын құрсақты аналарымыздың **5мыңға жуығы «Алтын алқа»**, **10 мыңнан аса «Күміс алқа»** иегерлері.

Отбасы – **ұрпақтар сабақтастығы**мен адам бойындағы **рухани-адамгершіліктіңбастауы**. Тек берік отбасылық дәстүрге орныққан ел ғана **мызғымас мемлекет** бола алады. Сіздердің әрқайсысыңыз **өз отбасыларыңызды берік сақтау,** өнегелі ұрпақ тәрбиелеу арқылы өз еліміздің **дамуы** мен **өркендеуінеөлшеусіз үлес** қосып келесіздер. Барлығыңыз да **шынайы құрмет** пен **мәртебелі мадаққа**лайықтысыздар.

Аймағымызда **жетінші рет** өткізіліп отырған бұл **мерейлі шараға** қатысуға ниет білдірушілер **жылдан-жылға артып** келе жатқаны қуантады.**Жеті жылдың** ішінде байқауға қатысуға **1500-ден** аса отбасы өтінім білдірді.Биыл байқауға облысымыздың барлық өңірінен **182 отбасы** қатысты. Айту керек, **Шиелі ауданынан** отбасылар бұл жобаға белсенді қатысып, **4 жыл** қатарынан **жеңімпаз** атанды. Бұл жетістік Сыр елінің мақтанышы деп білемін.

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының негізгі мақсаты өнегелі құндылықтарды жаңғырту және отбасы мен некенің үздік үлгісін халық арасында кеңінен насихаттауға, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған.

Ағымдағы жылдың **15 мамыр мен 15 маусым** аралығында ұлттық конкурсқа құжаттар қабылдау жүргізіліп, конкурстың бірінші кезеңі қала мен аудан орталықтарында өткізілген болатын.

Олай болса бүгінгі **«Мерейлі отбасы»** ұлттық конкурсының екінші кезеңінің жеңімпаздарын марапаттау рәсіміне кезек берсек.

Марапаттау шарасы

ЖҮРГІЗУШІ:*(Халилуллаев Фархат)*

«Мерейлі отбасы» *ұлттық конкурсының облыстық кезең жеңімпаздарын марапаттауға кезек берсек.*

1. *«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының* ***«ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫ»*** *номинациясымен* ***Рсалиевтер әулеті*** *марапатталады.*
2. ***Мырзағұловтар отбасы«РУХТЫ ОТБАСЫ»*** *номинациясымен марапатталады.*
3. ***Мақпалбаевтар әулеті*** *«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының* ***«ҰЛАҒАТТЫ ОТБАСЫ»*** *номинациясымен марапатталады.*
4. ***Рысмағамбетовтер әулеті «ЫНТЫМАҚТЫ ОТБАСЫ» номинациясымен*** *марапатталады.*
5. *«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының III орынымен****ШУАҚБАЕВТАР ОТБАСЫ****марапатталады.*
6. *«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының II орынымен* ***ҚАРТАБАЕВТАР ОТБАСЫ****марапатталады.*
7. *«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының I орынымен* ***ТҮКІБАЕВТАР ОТБАСЫ*** *марапатталады.*

8. *«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының Бас жүлдемен* ***ӘБІЛДАШОВТАР ОТБАСЫ*** *марапатталады.*

Г. Әбдіқалықова:

Құрметті жеңімпаздар,марапаттарыңыз құтты болсын!

Жалпы елімізде жүзеге асырылып жатқан түрлі мемлекеттік ауқымды бағдарламалар да ел халқының игілігі, баянды болашағы үшін жасалып жатқан маңызды шаралар.

Біз – анасын ардақтап, қариясын құрметтей білетін, отбасын Отанның тірегіне санайтын ұлағатты елдің ұрпағымыз.

Ендеше бүгінгі **«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына** қатысып жүлделі орын алған, өнегелі өмір жолымен ерекшеленген**Шырын Әбілдашева** апамызға сөз кезегін берсек

(Әбілдашева Шырын апа сөзі)

Г. Әбдіқалықова:

Шырын апа жылы лебізіңізге, парасатты әңгімеңізге үлкен рахмет.

Бүгінгі **«Мерейлі отбасы»** ұлттық байқауының облыстық кезеңінде белсенділік танытып, қатысқан әр отбасыға шынайы алғысымды айтамын.

Баршаңызды бүгінгі жеңістеріңізбен тағы да құттықтай отырып, әр шаңыраққа шаттық, бақ-береке тілеймін!

Бүгінгі бас қосуымызға себепкер болған барша отбасыларға деген риясыз көңілмен ризашылығымызды білдіремін.**Аман-сау болыңыздар!**

Естелік суретке түсу рәсімі.